



№39 (10232)
26 мамыр
сейсенбі
2026 жыл

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Жалағаш жаршысы



«zhlagash-zharshysy.kz»
ақпараттық азаматтық

Салтанатты шара

Жолың болсын, жас түлек!



Енді қоңырау соғылмайды бізге, Енді ол күндер оралмайды мүлде. Бақытты балдәурен сыйлаған бізге, Қош бол, енді мектеп!

Бұл ән әрбір мектеп бітіруші түлектің әнұраны іспетті. Жыл сайын түлектер көзіне жас алып, қимас көңілмен алтын ұя мектебімен қоштасады. Күні кеше ауданда қарасты барлық мектепте «Мектебім, саған мың алғыс!» атты соңғы қоңырау салтанатты шарасы өтті.

Шара шымылдығы үздіктер шеруімен түрілді. Білім бейгелерінен жүлделі орын иеленіп, жыл бойы қоғамдық жұмыстарға белсене араласқан үздік оқушылар шеруі «Алтын белгіге» үміткер Қаракат Тынымбек пен Ақмерей Шайхы бастап шықты. Мұнан әрі спорттық жарыстардан аудан абыройын асқақтатқан жас спортшылар ортаға шықты. Шеруге республикалық деңгейде шынықтыру пәндік олимпиадасының III орын иегері, үздік оқушы Мейірім Кетебай бастап шықты.

Аудан әкімі Ардақ Ибраимов мереке қарсаңында Дәуімбай елді мекеніндегі Зейнолла Жарқынбаев атындағы №202 орта мектепте өткен жиынға қатысып, ұстаздар қауымын, ата-аналар мен мектеп бітіруші түлектерді 2025-2026 оқу жылының сәтті аяқталуымен құттықтады.

– Құрметті ұстаздар мен ата-аналар! Қымбатты мектеп бітіруші жас түлектер! Сіздерді 2025-2026 оқу жылының сәтті аяқталуымен шын жүректен құттықтаймын! Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы «Мектеп – білім мен тәрбиенің киелі ордасы. Өскелең ұрпақты білімпаздыққа баулу қаншалықты

маңызды болса, оларға дұрыс жол көрсету, бағдар беру де соншалықты маңызды. Біз жастардың адал әрі еңбекқор болып өсуіне ерекше мән беріміз қажет» деген болатын. Шын мәнінде ел мен елді, халық пен халықты теңестіретін – білім. Тек білім ғана адамға өмір жолын дұрыс таңдауға, өзіне деген сенімділікті қалыптастыруға және биік белестерді бағындыруға мүмкіндік береді. Біздің міндетіміз – балаларымызға дұрыс бағыт-бағдар беріп, егемен еліміздің білімді де білікті азаматы болып қалыптасуына жан-жақты жағдай жасау. Мемлекет тарапынан жасалып жатқан мүмкіндіктерді тиімді пайдаланып, мемлекеттік гранттарды жеңіп алуға ұмтылу бүгінгі жас ұрпақтың басты міндеті болуы тиіс. Құрметті түлектер! Білім көкжиегіне қаққан қанаттарыңыз талмасын. Аудан басшысы ретінде де, ата-ана ретінде де сіздердің асқақ армандарыңыздың орындалуына тілектестігімізді білдіреміз, – деді аудан әкімі.

Зейнолла Жарқынбаев атындағы №202 орта мектеп – ауданда өзіндік орны бар, іргелі оқу орнының бірі. Мектеп ұжымы биылғы оқу жылын мол табыспен аяқтап отыр. Мұнда 2025-2026 оқу жылында 737 оқушы білім алған. Сондай-ақ мектепалды даярлық тобына 70 бала қабылданған. Мектепте 115 мұғалім бар, оның ішінде 29-ы – педагог-зерттеуші, 38-і – педагог-сарапшы, 32-сі – педагог-модератор, 16-сы – педагог маман.

Айта кетейік, биыл мектеп 46 түлекті үлкен өмірге қанат қақтырды. Олардың ішінде 2-еуі «Алтын белгіге», ал 5-еуі «Үздік аттестатқа» үміткер.

ҰБТ-ның алғашқы сынағында Бердияр Жаңаберген 128, Ақмерей Шайхы 108, Дидар Шора 123 балл жинаған.

Мектепте заман талабына сай 19 млн 376 мың теңгеге спорттың 4 түріне арналған спорт алаңы мен «Қазақстан халқына» қоры есебінен 47 млн 168 мың 200 теңгеге жаңа модификациялы, заманауи физика, химия, биология пән кабинеттері оқушыларға пайдалануға берілген. Нәтижесінде ұстаздар мен оқушылар биылғы оқу жылында пәндік олимпиада, ғылыми жоба, спорттық жарыстар мен түрлі байқауларда айтарлықтай жоғары нәтижеге қол жеткізген. Тарқатып айтсақ, олар республикалық байқаудан 8, облыстық байқаудан 45, аудандық байқаудан 97 жүлделі орын иеленген.

Мұнан бөлек мектеп түлегі, республикалық олимпиада жүлдегері Дидар Шора «Ziatake» облыстық білім бейгесінде жеңімпаз атанып Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің білім грантын жеңіп алған.

– Шыны керек, бүгін барлығымыз қатты толқып, бойымызды қимастық пен қуаныш сезімі қатар билеп тұр. Біріншіден, мектеп қабырғасындағы балалық балдәуренімізді қимай тұрсақ, екіншіден, үлкен өмірге қанат қағып, «білікті маман боламын» деген арманымызға бір табан жақындағанмызға қуанып тұрмыз. Бүгінге дейін мектеп бітіретінімізді сезінбедік, тіпті дайындық барысында да. Шара соңында қоңыраудың сыңғыры соңғы рет соғылғанын естігенде ғана көзімізге еріксіз жас келді. Сыныптастарым мен барша түлекке тек қана

сәттілік пен ақ жол тілеймін, – дейді мектеп түлегі Бердияр Жаңаберген.

Оқушылардың спорттық сайыста да жеткен жетістігі аз емес. Олар түрлі спорттық жарыстардың аудандық кезеңінде 28 оқушы, облыстық кезеңде 27 оқушы, ал республикалық кезеңде 2 оқушы жеңімпаз атанған. Жас спортшылар мектеп намысын қорғап қана қоймай, салауатты өмір салтын насихаттауға үлес қосуда.

Салтанатты шара аясында түлектер өздерінен кейінгі ізбасарларына білім кілті мен спорт кубогын аманаттап, мектеп мерейін үстем етуді тапсырды.

Айта кетейік, бытырғы оқу жылында мектептен 44 түлек түскен. Оның 33-і ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысып, 20-сы мемлекеттік грант байқауына құжат тапсырған. Нәтижесінде 19-ы мемлекеттік грант иегері атанса, 1 түлек әскери оқу орнының грантын жеңіп алған. Ал арнаулы оқу орнына 18 түлек түссе, ақылы негізде жоғары оқу орнына 5 оқушы құжат өткізген. Сондай-ақ Түркиядағы Bursa Teknik Universitesi оқу орнына 1 түлек түскен.

Мерекелік шарада мектеп түлектеріне ізгі тілектер айтылып, өнерлі оқушылардың концерттік бағдарламасы көпшілікке көтеріңкі көңіл күй сыйлады.

Айта кетейік, биыл аудан бойынша 470 оқушы мектеп бітіруде. Оның 414-і ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысуға өтініш берген. Сонымен қатар 20 түлек «Алтын белгіге» үміткер болса, 42 оқушы «Үздік аттестатқа» ұсынылған.

С.НҰР

Мектеп мақтанышы

ЕЛІМІЗДЕ ТҮЛЕКТЕР ҮШІН ҰЛТТЫҚ БІРЫҢҒАЙ ТЕСТІЛЕУ ӨТІП ЖАТЫР. АУДАНДА 11 ЖЫЛ БОЙЫ ЖИНАҒАН БІЛІМІН СЫН САФАТТА ДӘЛЕЛДЕГЕН ОЗАТТАР КӨП. СОНЫҢ ҚАТАРЫНДА КЕШЕГІ ҰБТ-ДА ЖОҒАРЫ БАЛЛ ЖИНАҒАН ГҮЛСЕЗІМ СӘДУ ДЕ БАР.

Гүлсезім – 137 балл иесі



Озат оқушы – Та ауылындағы №118 орта мектептің түлегі. Оның таңдауы химия-биология пәніне түскен. Гүлсезім биыл оқу жылын жоғары нәтижемен қорытындылап отыр. «Алтын белгіге» үміткер оқушы ҰБТ-дан 137 балл жинап, мектеп мерейін үстем етті.

ҰБТ қорытындысы бойынша қатарластарының арасында көш бастап тұрған Гүлсезім қаңтар айындағы тестілеуде 130 балл, ал наурыз айындағы ҰБТ-да 135 балл жинаған. Ол сұхбат кезінде жоғары нәтижеге қол жеткізу үшін ұзақ уақыт бойы үздіксіз дайындалғанын айтты.

– Қандай істі қолға алсаң да оң нәтижеге жету үшін тынбай, үздіксіз еңбек ету керек. Сондықтан мен ҰБТ-ға дайындықты 10-шы сыныпта бастадым. Таңғы 5-те тұрып кітап оқуды әдетке айналдырдым. Мен ҰБТ-ға дайындалам дегеннен ата-анам маған бар жағдайды жасады. Үй жұмыстарынан босатып, бар ойымды тек сабаққа бөлуге ықпал етті. Сондай-ақ мектеп бағдарламасынан бөлек онлайн курс та оқыдым. Нақтырақ айтсақ, «JUZ 40» онлайн білім беру орталығында қосымша білім алдым. Топта бірнеше оқушы болды. Әрқайсысы әр жақтан жиналған өте білімді, белсенді оқушылар. Бізде апта, ай сайын оқу үздіктері анықталатын. Шыны керек, мен курста білім алып жүргенде үздіктер қатарынан көрінбедім. Себебі өз-өзіме сенбейтінмін. Кейін жанымдағы достарыма қарап жинақталып, өзіме сенім арта бастағанда ғана жоғары нәтижеге қол жеткіздім. Осы тұста артыман ерген іні-сіңлілеріме ең алдымен өздеріне сенім артып, білім алуды, ізденуді ешқашан тоқтатпаңдар дегім келеді, – дейді мектеп мақтанышы.

Кейіпкеріміз мектеп қабырғасында жүріп жыл сайын олимпиада, ғылыми жобаларға тұрақты қатысып, үздіктер қатарынан көрінген. Озат оқушы медицина саласына түсіп, ақхалатты абзал жан болуды көздеп отыр. Бұл салаға бала күнінен қызыққан ол алдағы уақытта онколог дәрігер болуды мақсат еткен.

– Дәрігер болуды бұрыннан армандайтынмын. Бүгінгі таңда, болашақ мамандығымды да осы саламен байланыстыруды көздеп отырмын. Ата-анам да бұл мақсатымды құптап, қолдау көрсетіп отыр. Алдағы уақытта онколог дәрігер болсам деймін. Қазір өздеріңіз білетіндей, аты жаман ауру көбейді, тіпті жас талғал жатқан жоқ. Сондықтан алдағы уақытта денсаулық сақтау саласында еңбек еткім келеді, – дейді озат оқушы.

Аудандық басшылар тілші болып қызмет етіп жүрген жылдары арнайы «Шырақ» бетін дайындау мақсатында бірнеше мектеп оқушысымен сұхбаттасудың сәті түсті. Әңгіме барысында олардың болашақта қандай маман иесі болғысы келетінін сұраймын. Сонда көпшілігі мұғалім, дәрігер, заңгер сынды мамандықтарды атайды. Ал бүгінгі кейіпкеріміз онколог дәрігер болуды қалайтынын айтқан алғашқы оқушы болды.

Себебін сұрағанымда ол қатерлі дертке шалдыққан отандастарының шетел асып емі іздеуі жанына бататынын жеткізді. Кейіпкеріміз болашақта білікті маман атанып, науқастардың өз елінде сапалы ем қабылдауына үлес қосуды армандайды.

Соңғы жылдары елімізде онкология сырқатымен ауыратын науқастар қатары артқан. Мамандар жыл сайын 40 мыңнан аса адамнан қатерлі ісік ауруы анықталатынын айтады. Өкінішке орай бұл дерттен жыл сайын 12 мыңға жуық адам көз жұмады. Кейіпкеріміз секілді жастардың бұл салаға бет бұрып, халық саулығын сақтауды мақсат етуі көңіл қуантады.

Сезім НҰР

Еңбек адамы

Гүлжанаттың берекелі кәсібі

ҚАЗАҚТА «БЕРЕКЕЛІ ШАҢЫРАҚТЫҢ ҰЙЫТ-ҚЫСЫ – ӘЙЕЛ» ДЕГЕН ТАҒЫЛЫМДЫ СӨЗ БАР. РАСЫНДА, ОТБАСЫНЫҢ БЕРЕКЕСІН КІРГІЗІП, ҚАРАШАҢЫРАҚТЫҢ ОТЫН ӨШІРМЕЙ, БІР ҚОЛЫМЕН БЕСІКТІ, БІР ҚОЛЫМЕН ӘЛЕМДІ ТЕРБЕТЕП ЖҮРГЕН АНАЛАРДЫҢ ЕҢБЕГІ ҚАШАҢДА ҚҰРМЕТКЕ ЛАЙЫҚ. ОСЫНДАЙ ЕҢБЕКҚОР, ІСКЕР, ӨЗ ІСІНЕ АДАЛ ЖАННЫҢ БІРІ – ЖАЛАҒАШ АУДАНЫНА ҚАРАСТЫ МӨРӘЛІ ШӘМЕНОВ АУЛЫНЫҢ ТҮРҒЫНЫ ГҮЛЖАНАТ ШАХАХМЕТҚЫЗЫ.

Ләззат ҚАЗМАҒАНБЕТОВА

Жалағасы 3-бетте



Мәжіліс

Жасөспірімдер тәртібі – басты назарда



Қонысбек Қазантаев атындағы аудандық мәдениет үйінде аудан әкімі Ардақ Ибраимовтың төрағалығымен «Заң мен тәртіп», құқықтық тәрбие – қауіпсіз қоғам кепілі» тақырыбында мәжіліс өтті. Оған аудандық мәслихат төрағасы Өмірзақ Елеусинов, аудан прокуроры Талғат Бектұрсынов, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Қармақшы аудандық бөлімшесінің бастығы Дәулет Қожақұлов, сондай-ақ бөлім басшылары, кент және ауылдық округ әкімдері, ардагерлер кеңесінің өкілдері, ата-аналар, мектеп директорлары мен директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары қатысты.

Жиында аудан әкімі Ардақ Әбдіғалпарұлы қоғамдағы тәртіп пен заң үстемдігінің маңызын атап өтті. – Қазақ халқы ежелден әділдік пен тәртіпті жоғары бағалаған. Дала заңын сақтап, сөз қадірін білген халқымыз ұрпақ тәрбиесіне айрықша мән берген. Бүгінде жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу – қоғам алдындағы маңызды міндеттің бірі. Заң – әр адамның құқығы мен бостандығының қорғаны. Біз осы қағиданы терең түсінетін азаматтық әрі мәдени орта қалыптастыруымыз қажет. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстан: Заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауында айтылған «Заң мен тәртіп» қағидаты – қоғамдағы қауіпсіздік пен әділдікті қамтамасыз ететін негізгі құқықтық ұстаным. Заң үстемдігіне негізделген қоғамда барлық әрекет пен шешім заң аясында жүзеге асады. Осы орайда біздің ортақ мақсатымыз – құқық бұзушылықтың алдын алу және оған жол бермеу, – деді аудан әкімі Ардақ Ибраимов.

Жиында аудандық прокуратураның прокуроры Әділжан Оразғали «Заң мен тәртіп» қағидатын іске асыру аясында атқарылған шаралар туралы баяндады. Мұнан бөлек жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылық профилактикасы және алдағы кезеңде атқарылатын жұмыстар туралы аудандық

полиция бөлімі бастығының бірінші орынбасары Мәулен Өсер хабарлама жасады. Айтуынша, жыл басынан бері барлық білім беру ұйымына бекітілген қызметкерлер тиісті мамандармен бірлесе отырып, көмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтардың профилактикасы, буллинг, топтық төбелестің алдын алу мәселесі бойынша оқушылар мен ата-аналарға түсіндірме жұмыстары тұрақты жүргізіп келеді. «Түнгі қаладағы балалар», «Жасөспірім», «Демалыс» жобалары аясында полиция, прокуратура, білім бөлімі қызметкерлері бірлесіп, түнгі рейдтік шаралар жұмыстары жүргізілуде. Бірлескен рейдтік шаралар нәтижесінде жыл басынан бері өкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің түрлі баптары бойынша 120 өкімшілік хаттама толтырылды. Мұнан бөлек бала тәрбиесіне немісқұрайлы қарайтын 2 қолайсыз отбасы және қылмыс пен өкімшілік құқық бұзушылық жасаған 5 көмелетке толмаған жасөспірім полиция есебіне алынды. Қазір таңда полиция бөлімшесінде 6 жасөспірім және 2 қолайсыз отбасы есепте тұрады. Сондай-ақ 7 жасөспірім бейімдеу орталығына орналастырылды.

– Түнгі уақытта қараусыз жүрген жасөспірімдер қылмыс жасауы немесе қылмыстың құрбаны болуы мүмкін. Ал түнгі уақытта бала өмірінің қауіпсіздігі үшін ата-ана жауапты. Сол себепті өкімшілік кодекстің 442-бабы

на сәйкес, яғни түнгі сағат 22:00-ден кейін заңды өкілсіз ойын-сауық немесе тұрғынжайдан тыс сағат 23:00-ден кейін жүрген 111 ата-ананың жауапкершілігі қаралды, – дейді аудандық полиция бөлімі бастығының бірінші орынбасары.

Аудан көлемінде бірнеше рет білім беру ұйымдары мен аудандық полиция бөлімі қызметкерлерінің қатысуымен «Қауіпсіз жол», «Жаяу жүргінші», «Абайлаңыз балалар!» атты жедел профилактикалық шаралар өткізіліп келеді. Мұнан бөлек төтенше жағдайлар бөлімі мамандарымен демалыс кезінде балалар мен жасөспірімдердің белгіленбеген жерлерде суға түсу, жол ережесін және өрт қауіпсіздігін қатаң сақтау туралы түсіндірме жұмыстары тұрақты жүргізілуде.

Аудандық білім бөлімінің басшысы Талғат Садықовтың айтуынша, жасөспірімдер арасында келенсіз жағдайларды болдырмау мақсатында облыс прокуратурасын бастамасымен 2025-2026 оқу жылының II тоқсанынан бастап білім беру ұйымдарында «Адал бала» цифрлық платформасы іске қосылған. Қазіргі таңда аталған жүйеге 6 759 оқушы, 476 педагог және барлық оқушының ата-анасы тіркелген. Бұл жүйе балалардың бойына адалдық құндылықтарын сіңіріп, «Заң және Тәртіп», «Қаржылық сауаттылық», «Сыйбалас жемқорлыққа қарсы мәдениет», «Буллинг және зорлық-зомбылық» бөлімдері бойынша 1-4 сынып,



5-8 сынып, 9-11 сынып аралығында жас ерекшеліктеріне байланысты тақырыптық тапсырмалар тереңдетіліп берілген. Дайын сабақ жоспарлары кіріктіріліп, түрлі бейнематериалдармен толықтырылған. Кері байланыс ретінде тест тапсырмалары беріліп, оқушылардың сабаққа қатысу деңгейі көрсетілді.

Бытырдан бастап Оқу-ағарту министрлігі балалардың құқықтарын қорғау комитетінің және ҚР бала құқықтары жөніндегі уәкіл Д.Закееваның тапсырмасына сәйкес, білім беру ұйымдарында зорлық-зомбылық, буллингтің алдын алу бойынша тұрақты түрде жұмыс жасайтын жеке «111»

пен жауапкершілік туралы пайдалы мәліметтер алған.

Ол жиында бұл жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын тауып, «тәртіп күшін емес, тәрбие арқылы орнайтын» тілге тиек етіп, жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында ата-аналармен ұстаздарды бірлесіп жұмыс жасауға шақырды.

Шыңдығында, бала тәрбиесінде үйдегі ата-ананың рөлі ерекше. Ата-ананың мейірімі мен бақылауын сезініп өскен бала жаман едеттерден бойын аулақ ұстайтыны рас. Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу – тек құқық қорғау органдары

Бұдан бөлек су айдындарында қауіпсіздік белгілері мен ескертпелер орнату, қауіпті аймақтарды белгілеу және суға түсу маусымында қауіпсіздік талаптарының сақталуына бақылауды күшейту міндеттелді. Сонымен қатар балалардың зиянды едеттерден аулақ болуына бағытталған түсіндірме жұмыстарын жүйелі түрде жүргізу қажеттігін қаперге салды. Жиын соңында ата-аналар өз ұсыныс-пікірлерін білдіріп, мәжіліс соңы ашық пікір алаңына айналды.

Сезім НҰР

Бәрекелді!

Шәкірттер жеңісі – үлкен ізденістің жемісі

Ел ертеңі білімді ұрпақ пен рухы биік жастардың қолында. Ал сондай талапты да талантты шәкірттерді тәрбиелеп отырған білім ордаларының орны қашанда ерекше. Қай кезде де шәкірт жетістігі – ұстаз еңбегінің жемісі, мектеп мерейінің өлшемі. Осы орайда №202 Зейнолла Жарқынбаев атындағы орта мектептің оқушылары білім мен спортты серік етіп, аудандық, облыстық, республикалық, тіпті халықаралық деңгейдегі жарыстарда биік белестерді бағындырып келеді.

Өткен апта мектеп ұжымы үшін талай табыстар мен қуанышты жаңалықтарға толы болды. Әр салада топ жарған шәкірттер мектептің ғана емес, ауданның абыройын асқақтатып, ел сенімін ақтай білді. Білім додасында да, спорт аренасында да үздік нәтиже көрсеткен жас өрендердің жетістігі – қажырлы еңбек пен табандылықтың айқын көрінісі.

Бүгінде жас ұрпақтың тарихқа деген қызығушылығы артып келеді. Өз елінің өткені мен тағдырын танып-білуге ұмтылған шәкірттердің арасында 5-сынып оқушысы Марлен Нұрланбек ерекше көзге түскен.

5-6 сынып оқушылары арасында өткен Қазақстан тарихы пені бойынша олимпиаданың аудандық кезеңінде үздік нәтиже көрсеткен жас тарихшы республикалық қорытынды кезеңде II орын иеленіп, үлкен жетістікке қол жеткізді. Бұл – тек бір оқушының ғана емес, тұтас мектеп ұжымының мерейін өсірген жеңіс.

Марленнің тарих пеніне деген қызығушылығы мен ізденімпаздығы ұстазының бағыт-бағдар беруімен ұштағып, осындай биік белеске жетелді. Жетекшісі, тарих пенінің мұғалімі Нариман Айгүл шәкірт бойындағы қабілетті дер көзінде танып, жүйелі дайындық жұмыстарын жүргізсе білді. Нәтижесінде жас дарын республикалық деңгейде мектеп намысын абыроймен қорғады.



Тарихын таныған ұрпақтың болашағы да баянды болмақ. Сондықтан мұндай жетістіктер – жас буынның ел-жандылық рухын нығайтатын маңызды қадамның бірі.

Марленнің тарихқа терең бойлайтындай жөні бар. Өзі де мұны арғы ата-анасынан сіңген қасиет деп біледі. Сөзінше арғы атасы Оразбек ақсақал шежіреші кісі болған. Тіпті біз еңбек ететін газеттің де атауын «Жалағаш жаршысы» деп Оразбек ақсақал қойған.

Мектеп қабырғасында тек білімге ғана емес, спортқа да ерекше көңіл бөлініп келеді. Соның айқын дәлелі – дене шынықтыру пендік олимпиадасында топ жарған шәкірттердің жетістігі. 6-сынып оқушысы Мейірім Кетібай республикалық кезеңде III орын иеленіп, мектеп абыройын асқақтатты. Ол – тек пендік олимпиадада ғана емес, спорт саласында да талай биікті бағындырып жүрген талапты шәкірттің бірі.

Мейірім аудандық кезеңде I орын

алып, облыстық кезеңде де жеңіс тұғырынан көрінді. Кейін республикалық додада жүлделі III орынды иеленіп, өзіннің білім мен спортты қатар алып жүре алатын дарынды оқушы екенін дәлелдеді.

Сонымен қатар ол ұлттық мектеп лигасының аудандық кезеңінде I орын алып, облыстық кезеңде II орын иеленді. Жарыста ерекше шеберлігімен көзге түсіп, «Үздік ойыншы» атанды.

Жас спортшының жетістігі мұнымен шектелмейді. 2012 жылы және одан кіші жасөспірімдер арасындағы Қазақстан чемпионатында облыс құрамасы пионы атанды. Бұл – зор еңбек пен үздіксіз дайындықтың нәтижесі.

Мейірімнің спорттағы жетістігі мен олимпиададағы табысы оның жан-жақты шәкірт екенін айқын көрсетеді. Осындай талантты оқушылардың жетістігі мектептің білім мен тәрбиені ұстаыстары отырып, сапалы жұмыс жүргізіп келе жатқанын дәлелдейді.



Жетекшісі, дене шынықтыру пенінің мұғалімі Нұрбол Серікұлы шәкірттерді тек спортқа баулып қана қоймай, олардың бойында жігер мен табандылық қасиеттерін қалыптастырып келеді.

Дене шынықтыру пендік олимпиадасында мектептің өзге де шәкірттері жоғары нәтижелерімен ерекшеленді. Атап айтқанда, Нұрәділ Серік, Арсен Алмағанбетұлы, Нұршат Сұтанқан, Назира Берікқызы жақсы нәтиже көрсетіп, арнайы сертификаттармен марапатталды.

Бұл – оқушылардың спортқа деген қызығушылығының артып келе жатқанын аңғартады. Бүгінде мектептің спорт залында шәкірттердің жеңіске деген ұмтылысы мен жаттығу барысындағы жігері айқын сезіледі. Өрбір жарыс – олардың шыңдалуына, өз мүмкіндігін дәлелдеуге берілген үлкен мүмкіндік.

Халықаралық деңгейде ел намысын қорғау – үлкен жауапкершілік. Осындай сенімді ақтаған шәкірттің бірі

– 9-сынып оқушысы Ақпейіл Маратқызы.

Ташкент қаласында өткен халықаралық волейбол турнирінде жас спортшы ерекше ойын өрнегін көрсетіп, I орын иеленді. Оның алаңдағы шапшаңдығы мен шеберлігі көрермендер мен төрешілердің жоғары бағасына ие болды.

Ақпейіл – спорт шеберіне үміткер. Сонымен қатар волейболдан Қазақстанның екі дүркін чемпионы атанған талантты спортшы. Ол 2011-2012 жылғы қыздар арасындағы облыс құрамасының мүшесі ретінде де үлкен жетістікке жетіп келеді.

Жас спортшының бүгінгі табысының артында тынымсыз еңбек, табандылық пен үздіксіз жаттығу жатыр. Оның әр жеңісі – мектеп мақтанышы ғана емес, аудан спортшының да мерейі.

Ақпейілдің спорттағы биік белестерді бағындыруына жетекшісі, дене шынықтыру пенінің мұғалімі Ләззат Әбдіхалықованың қосқан үлесі зор. Ұстаз бен шәкірт арасындағы сенім мен жүйелі дайындық халықаралық додада жеңіске жол ашты.

Бүгінде қоғамда ерекше білімді қажет ететін балаларға қолдау көрсету маңызды бағыттың біріне айналды. №202 З.Жарқынбаев атындағы орта мектепте бұл бағытта да жүйелі жұмыс бар.

«Жұлдызай – 2025» ұлттық инклюзивті ойындарының облыстық кезеңінде мектеп шәкірттері жоғары нәтижеге қол жеткізді. Атап айтқанда, 9-сынып оқушысы Әділхан Молдабек «Тогызқұмалақ» номинациясы бойынша I орын иеленіп, ерекше қабілетін дәлелдеді. Оның жеңісі – тәзім мен зеректіліктің, табандылық пен сенімнің жемісі. Жетекшісі – мектеп дефектологы Гүлжанат Әділбекова. Ұстаз шәкірт бойындағы қабілетті шыншап, оны жеңіске жетелді.

Сонымен қатар «Асық ату» номинациясында 4-сынып оқушысы Расул Болатбек I орын иеленіп, мектеп мерейін үстем етті. Ұлттық ойын арқылы мергендігі мен етілігін танытқан шә-

Ләззат ҚАЗМАҒАНБЕТОВА

Еңбек адамы

Алтынқұрсақты ана

«Ананың алақаны – әлемнің жылуы» дейді дана халқымыз. Расында, ұлттың ұйытқысы, шаңырақтың шырағы болған аналардың өмір жолы – тұтас бір тағылым мектебі. Әсіресе тар кезеңнің тауқыметін тартып, соғыс жылдарының салмағын нәзік иығымен көтерген аналардың ғұмыры – кейінгі буын үшін өшпес өнеге, өлмес тарих. Бүгінгі бейбіт күннің бағасын білу үшін кешегі аналардың көрген қиындығына үңілу керек. Сондай асыл жанның бірі – алтынқұрсақты батыр ана Шырынкүл Сыздыққызы.

Ләззат ҚАЗМАҒАНБЕТОВА



Шырынкүл әжейдің өмір жолына көз жүгіртсеңіз, тұтас бір дәуірдің шежіресін көргендей боласыз. Қайсарлық пен төзімділік, еңбек пен мейірімділік, аналық пен адалдықтың айнасына айналған ғұмыр иесінің жүріп өткен жолы кімге де болса ой салады. Бүгінде ақ жаулығы желбіреп, немере мен шөберенің ортасында, бақыт құшағында отырған аяулы ана өткен өмір белестерін мұңая еске алады.

Шырынкүл Сыздыққызы 1937 жылы бұрынғы «Коммунизм» ауылында дүниеге келген. Балалық шағы адамзат тарихындағы ең ауыр кезеңнің бірі Ұлы Отан соғысы жылдарымен тұспа-тұс келді. Ол кезде ойын баласы ойын күйіп емес, еңбек күйіп есті. Соғыс ауылдағы әр шаңыраққа салмақ салды. Ер-азаматтардың көбі майданға аттанғанда, елдегі ауырталдық аналар мен балалардың иығына түсті. Сол қиындықты кішкентай Шырынкүл де ерте сезінді.

– Балалықтың бал дәмін күзбей өстік, – дейді бүгінде өткен күндерді сағыныш пен мұң аралас еске алатын кейуана.

Ол 1944-1945 жылдары небәрі бес-алты жастағы бала болса да, үлкендермен бірге еңбекке араласқан. Күрші отап, бидайдың масағын теріп, колхоздың жұмысына бел шеше

Қазақ үшін отбасы – қасиетті ұғым. Ал ана – сол отбасының алтын қазығы. Шырынкүл ана – дәл осындай ұлағатты ұғымның үдесінен шыққан жан. Ол кісі – он бір құрсақ көтеріп, дүниеге сегіз қыз, үш ұл елкенген алтын алқалы батыр ана. Бір қолымен бесікті тербетсе, бір қолымен тіршіліктің тауқыметін көтерген ананың өмірі – тұнып тұрған еңбек.

Он бір баланы өсіріп-жеткізу – екінші бірінші қолынан келе бермейтін өрлік. Әр баланың тәрбиесі, киімі, ішіп-жемі, оқуы, бәрі – ананың мойнындағы жауапкершілік. Бірақ Шырынкүл әжей ешқашан мойымады. Түрлі салада қызмет жасап жүріп, перзенттерін қатарынан кем қылмай тәрбиеледі. Аналық мейірім мен еңбекқорлықты қатар ұстаған ана әр баласының бойына адалдық пен адамгершіліктің дәнін екті.

«Ана көрген тон пішер» дейді халқымыз. Шырынкүл ананың тәрбиесін көрген ұл-қыздары бүгінде әр салада еңбек етіп, елге сыйлы азаматтарға айналған. Перзенттерін тараған ұрпағы да тамырын тереңге жайған бәйтеректей көбейіп келеді. Қазіргі таңда ардақты ананың 36 немересі, 76 шөбересі және екі шөпшегі бар. Бұл – бейнетпен өткен ғұмырдың берекелі жемісі.

Бір отбасының ғана емес, бүтін бір әулетке айналған үлкен шаңырақтың ақылман анасы Шырынкүл әжей бүгінде ұрпағының ортасында бақытты ғұмыр кешіп отыр. Немере-шөбересінің шат күлкісін есту ананың өмір бойы маңдай терінің өтеуі іспетті.

Кейуананың өмір жолына қарап отырып, қазақ әйелінің қайсар болмысына тәнті боласыз. Нәзікжан болса да, таудай ауырталдықты көтере білген ананың арқасында бүгінгі ұрпақ бейбіт өмір сүріп келеді. Олар қиындыққа сынбай, тағдыра мойымай, ұрпағының жарқын болашағына бар ғұмырын арнады.

Шырынкүл әжейдің әңгімесінен өткен заманның екінші де, бүгінгі күннің шүкіршілігі де сезіледі. Соғыс жылдарының суық лебі, еңбекпен өрліген жастық шағы, ана атанған бақытты күндері, бәрі-бәрі жүрек түкірінде сайрап жатыр. Ол кісінің өмір жолы –

сабырдың, төзімнің, еңбекқорлықтың шынайы үлгісі.

Бүгінде қоғамда отбасы құндылығы туралы жиі айтамыз. Алайда сол отбасының тұтастығын сақтап, ұрпақ тәрбиесінің ұлы мектебіне айналған аналардың еңбегі қашанда құрметке лайық. Шырынкүл ана секілді жандар – қазақты тәрбиенің қайнар бұлағы. Олардың әрбір сөзі – өнеге, әрбір ісі – тағылым.

Ұлттың рухани тамыры ананың төлімінен басталады. Себебі бесіктегі сәбидің бойына ең алғашқы ізгілікті сіңіретін де – ана. Шырынкүл әжей тәрбиеленген ұл-қыздардың елге сыйлы болуы – ананың адал тәрбиесінің жемісі.

«Ана бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербетеді» деген сөз бекер айтылмаған. Шырынкүл әжейдің ғұмыры осы сөздің айқын дәлелідей. Қиындықпен басталған балалық, еңбекпен өрліген жастық, ұрпақ қызығына ұласқан қарттық, бәрі – тағдырдың үлкен мектебі.

Осындай ананың өмірі – кейінгі ұрпаққа үлгі. Себебі олар ешқашан дайын дүниеге ие болған жоқ. Барын бейнетпен тапты, жоқтан бар жасады, шаңырағын шайқалтпай, ұрпағын аман өсірді. Сол себепті мұндай жандарға қандай құрмет көрсетсек те жарасады.

Бүгінде ақжұалықты ана немере-шөбересінің ортасында таубесін айттып отыр. Бұл – бейнеттің зейнетке айналған шағы. Ұрпағының амандығын тілеп отырған ананың жүрегі әлі де мейірімге толы.

Қазақ «қарты бар үйдің қазынасы бар» дейді. Шырынкүл әжей секілді өмірдің ашысы мен тұщысын қатар көрген асыл аналар – елдің де, жас ұрпақтың да асыл қазынасы. Олардың әрбір айтқан әңгімесі – тарих, әрбір көрген қиындығы – бүгінгі ұрпақ үшін сабақ.

Тағдыр тезінен сүрінбей өткен Шырынкүл ананың ғибратты ғұмыры әлі талайға өнеге болары анық. Аңаға деген құрмет ешқашан аласармайды. Өйткені ананың мейірімі – мәңгілік.

көрген ол халықтың сұранысын байқап, кәсібін біртіндеп кеңейте бастады.

– Басында аз-аздан жасап, адамдарға ұсынып көрдім. Кейін сұраныс көбейіп, тұтынушылар пайда болды. Қазір өнім түрлерін кеңейттім. Фаст-фуд, қақталған тауық еті, манты, түрлі тәттілер, басқа да тапсырысқа дайындалатын тағамдар жасаймын, – дейді кәсіпкер келіншек.

Бүгінде оның қолынан шыққан тағамдарға тек ауыл тұрғындары ғана емес, өзге ауылдардан да сұраныс түседі. Әсіресе үйдің дәмдідей ыстық тағамдарды сағынған жандар оның өнімдерін арнайы іздеп тапсырыс береді.

Гүлжанаттың тағамдары табиғилығымен, дәмділігімен ерекшеленеді. Ол әр тапсырысқа жауапкершілікпен қарап, әр тағамды үйінің дастарханына әзірлегендей ұқыптылықпен дайындайды. Соның нәтижесінде тұрақты тұтынушылар саны артып келеді. Кәсіпкер ана үшін әрбір тұтынушының орны ерекше.

– Тұрақты тұтынушыларым бар. Мысалы, бір тұтынушы үнемі тапсырыс беріп, әрдайым қолдау көрсетеді. Осындай жандардың арқасында жұмысым жүріп жатыр деп айта аламын. Әр тұтынушының тапсырысы мен үшін маңызды, – дейді ол.

Шынында, адал еңбек әрдайым бағаланады. Ауыздан-ауызға тараған жақсы пікір – кез келген кәсіптің алға жылжуына себеп болады. Гүлжанаттың да кәсібін өркендеуіне халықтың сенімі мен ризашылығы үлкен күш беріп отыр.

Гүлжанаттың берекелі кәсібі

Оның тұрақты тұтынушысының бірі – Айқын Иманғалиқызы. Ол Гүлжанаттың тағамдарына ерекше ризашылығын білдіруде.

– Гүлжанаттың дайындайтын тағамдары өте дәмді. Әсіресе үйдің дәмі сезіліп тұрады. Тапсырысты уақытылы әрі тазда дайындайды. Сондықтан үнемі осы кісіге тапсырыс беремін, – дейді тұрақты тұтынушы.

Осындай шынайы пікірлер кез келген кәсіп иесіне шабыт беретіні анық. Себебі халықтың ықыласынан асқан марапат жоқ.

Гүлжанат бүгінде тек жеңіл тағамдармен шектелмейді. Ол еттен жасалатын рүлеттер, әсіп, манты, тұшпара, жайма қамырлар дайындайды. Сонымен қатар түрлі тәттілер мен тапсырысқа арнайы әзірленетін тағам түрлерін де жасайды.

Әрине, мұның бәрі үлкен еңбек пен уақытты талап етеді. Таңның атысынан кештің батысына дейін тынымсыз қимылдау кез келген адамның қолынан келе бермейді. Бірақ Гүлжанат үшін еңбек – өмірінің ажырамас бөлігі.

Кәсіп жолында отбасының қолдауы да аса маңызды. Бұл тұрғыда жолдасы оның әрдайым жанынан табылып келеді.

– Кәсіпті бастау оңай емес қой. Сондықтан отбасының қолдауы өте маңызды. Жолдасым әрдайым түсіністікпен қарап, көмектесіп, қолдап отырады, – дейді ол.

Шынында, ерлі-зайыптылардың бір-біріне деген қолдауы – отбасы берекесінің негізі. Бірінің арманына бірі

Қоғам дерті бәрінен қауіпті

Қазіргі таңда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру – мемлекеттік саясаттың басым бағытының бірі. Сыбайлас жемқорлық қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуына кері әсер етіп қана қоймай, халықтың мемлекеттік органдарға деген сенімін төмендетеді. Сондықтан қоғамда заң мен тәртіп қағидатын нығайту, адалдық пен өділдік құндылықтарын дәріптеу маңызды міндеттің біріне айналып отыр.

Сыбайлас жемқорлыққа төзеушілік мәдениеті – әрбір азаматтың заң талаптарын құрметтеуі, өділдік қағидаттарын ұстануы және кез келген заңсыз әрекетке бейжай қарамауы. Мұндай мәдениет тек мемлекеттік қызмет саласында ғана емес, халық арасында кеңінен қалыптасуы қажет. Себебі жемқорлықпен күрес – тек мемлекеттік органдардың емес, қоғамның ортақ міндеті. Осы бағытта ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің облыс бойынша департаменті тарапынан халық арасында түсіндіру жұмыстары жүйелі жүргізілуде. Департамент қоғамда парасаттылық қағидаттарын қалыптастыру, мемлекеттік қызметтің ашықтығын арттыру және азаматтардың құқықтық сауаттылығын көтеру бағытында бірқатар маңызды шараны жүзеге асыруда. Атап айтқанда, департамент тарапынан мемлекеттік мекемелерде, квазимемлекеттік ұйымдарда және халықпен кездесулер барысында мемлекеттік қызмет әрбір заң талаптарын сақтау, азаматтардың құқықтарын қорғау және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мәселелері кеңінен түсіндірілуде. Мұндай шаралар азаматтардың құқықтық мәдениетін арттырып, қоғамда адалдық құндылықтарын нығайтуға ықпал етеді.

Сонымен қатар мемлекеттік сатып алу саласына жүргізілген мониторинг жұмыстары барысында заң талаптарына сәйкес келмейтін шектеулер анықталып, оларды жою бойынша тиісті жұмыстар жүргізілді. Бұл мемлекеттік рәсімдердің ашықтығын қамтамасыз етуге және заң талаптарының сақталуына оң әсерін тигізді.

Бұдан бөлек департаментпен мемлекеттік функцияларды орындаумен сыйыспайтын қызмет түрлері бойынша да зерделеу жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде қолданыстағы заңнама талаптарын бұзу фактілері анықталып, мемлекеттік қызметшілерге қатысты тиісті шаралар қабылданды. Аталған жұмыстар мемлекеттік қызметшілердің жауапкершілігін арттыруға, қызметтік әдеп нормаларын сақтауға және мемлекеттік аппараттың ашықтығы мен тазалығын қамтамасыз етуге бағытталған маңызды қадамның бірі болды.

Департамент басшысы мемлекеттік қызметшілермен, құқық қорғау органдары қызметкерлерімен, білім беру ұйымдарының басшыларымен және халық арасында бірқатар кездесу өткізіп, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мәселелерін кеңінен талқылады. Кездесуде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзеушілік мәдениетін қалыптастыру, мемлекеттік қызметшілердің әдеп нормаларын сақтау, азаматтармен ашық әрі тиімді байланыс орнату мәселелеріне ерекше назар аударылды. Әсіресе білім беру ұйымдары өкілдерімен өткен кездесуде жас ұрпақтың бойына адалдық, өділдік және жауапкершілік құндылықтарын сіңірудің маңыздылығы айтылды. Себебі сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет ең алдымен тәрбие мен саналы көзқарас арқылы қалыптасады.

Бүгінде қоғамда адалдық идеологиясын нығайту, халықтың құқықтық сауаттылығын арттыру және заң талаптарын құрметтеу мәдениетін қалыптастыру бағытындағы жұмыстар өз жалғасын табуда. Осы бағытта жыл басынан бері 200-ден аса түсіндірме жұмысы жүргізілді. Өділдік пен ашықтық қағидаттары орынқандарға ғана тұрақты даму мен сенім қалыптасады.

Сыбайлас жемқорлыққа төзеушілік мәдениетін қалыптастыру – баршаға ортақ міндет. Әрбір азамат заң талаптарын сақтап, адалдық қағидаттарын өмірлік ұстанымына айналдырған жағдайда ғана өділдік әрі дамыған қоғам қалыптасады. Адал қоғам – ел болашағының берік негізі.

Жанар ҚОЗБАҒАРОВА,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің облыс бойынша департаменті Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу басқармасының бас маманы

Қызылорда облысындағы барлық деңгейдегі сайлау науқандарына орай «Сыр медиа» ЖШС-на қарасты облыстық «Сыр бойы», «Қызылординские вести», Жалағаш аудандық «Жалағаш жаршысы» газеттерінде және «Kyzylorda-news.kz» ақпарат агенттігіне кандидаттар үшін сайлауалды үгіт материалдарын орналастыру бойынша 2026 жылға өз қызмет құнын ұсынады

Облыстық «Сыр бойы» газеті 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады. Газет форматы А2, Д2. Бірінші және соңғы беттер түрлі-түсті. Шығарылымы аптасына үш рет: сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері.

Таралымы – 21097 дана.

Облыстық «Қызылординские вести» газеті 1930 жылдың 1 қаңтарынан шығады. Газет форматы А2, Д2. Бірінші және соңғы беттер түрлі-түсті. Шығарылымы аптасына үш рет: сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері.

Таралымы – 5132 дана.

Газеттің бір шаршы сантиметрінің құны ҚҚС қоса есептегенде: бірінші түрлі-түсті бетте орналастыру – 500 теңге; ішкі беттерде орналастыру – 250 теңге; ең соңғы түрлі-түсті бетте – 200 теңге.

Облыстық «Сыр бойы», «Қызылординские вести» газеттерінің syrboiy@yandex.kz, kzorda-vesti@yandex.kz сайттарына үгіт материалдарын орналастыру бойынша баға ұсынысы (ҚҚС қоса есептегенде):

1. Пробелді қоса алғанда 3000 белгіге дейінгі мақала + 3 фотоға дейін – 28000 теңге, әр қосымша белгіге 15 теңге қосылады, әр қосымша фото – 200 теңге.
2. Баннер 200 x 1180 px – 30000 теңге (1 апта); 400 x 800 px – 25000 теңге (1 апта).

Instagram: Post (video, photo, reels) – 15000 теңге
Stories – 10000 теңге
TikTok: Video – 15000 теңге
Stories – 10000 теңге
Facebook: Post (video, photo) – 10000 теңге.

Жалағаш аудандық «Жалағаш жаршысы» газеті 1934 жылдың 10 қаңтарынан шығады. Газет форматы А2. Бірінші және соңғы беттер түрлі-түсті. Шығарылымы аптасына екі рет: сейсенбі, сенбі күндері.

Газеттің таралымы – 2983 дана.

Газеттің бір шаршы сантиметрінің құны ҚҚС қоса есептегенде: бірінші түрлі-түсті бетте орналастыру – 250 теңге; ішкі беттерде орналастыру – 150 теңге; ең соңғы түрлі-түсті бетте – 180 теңге.

Жалағаш аудандық «Жалағаш жаршысы» газетінің jalagash-zharshysy@yandex.kz сайтына үгіт материалдарын орналастыру бойынша баға ұсынысы (ҚҚС қоса есептегенде):

1. Пробелді қоса алғанда 3500 белгіге дейінгі мақала + 3 фотоға дейін – 16800 теңге, әр қосымша белгіге 15 теңге қосылады, әр қосымша фото – 200 теңге.
2. Баннер 200 x 1180 px – 10000 теңге (1 апта); 400 x 800 px – 8000 теңге (1 апта).

Instagram: Post (video, photo, reels) – 10000 теңге
Stories – 8000 теңге
TikTok: Video – 10000 теңге
Stories – 8000 теңге
Facebook: Post (video, photo) – 10000 теңге.

Төлемі үгіт материалдарын орналастыру үшін жасалған келісім-шарт бойынша ұсыныған төлем шоты негізінде 5 (бес) жұмыс күнде жүзеге асырылады. Демалыс және мереке күндерінен басқа шығарылымдарда жариялануына байланысты үгіт материалдарына тапсырыс 5 (бес) жұмыс күні бұрын алдын ала қабылданады.

Мекен-жайымыз: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А (Назарбаев Зияткерлік мектебінің жанында). Жарнама бөлімі: 8 (7242) 70-00-52, коммутатор: 40-11-10 /1058/, e-mail: sm-jarname@yandex.kz

Ескерту: аудандық сайлау комиссиялары өз ауданының газет редакцияларына хабарласады

Қызылорда облысындағы барлық деңгейдегі сайлау науқандарына орай «Сыр медиа» ЖШС-на қарасты «Kyzylorda-news.kz» ақпарат агенттігіне кандидаттар үшін сайлауалды үгіт материалдарын орналастыру бойынша 2026 жылға өз қызмет құнын ұсынады

«Kyzylorda-news.kz» ақпарат агенттігіне үгіт материалдарын орналастыру бойынша баға ұсынысы (ҚҚС қоса есептегенде):

1. Пробелді қоса алғанда 3000 белгіге дейінгі мақала + 3 фотоға дейін – 28000 теңге, әр қосымша белгіге 15 теңге қосылады, әр қосымша фото – 200 теңге.
2. Баннер 200 x 1180 px – 30000 теңге (1 апта); 400 x 800 px – 25000 теңге (1 апта).

Instagram: Post (video, photo, reels) – 15000 теңге
Stories – 10000 теңге
TikTok: Video – 15000 теңге
Stories – 10000 теңге
Facebook: Post (video, photo) – 10000 теңге.

Төлемі үгіт материалдарын орналастыру үшін жасалған келісім-шарт бойынша ұсыныған төлем шоты негізінде 5 (бес) жұмыс күнде жүзеге асырылады. Демалыс және мереке күндерінен басқа шығарылымдарда жариялануына байланысты үгіт материалдарына тапсырыс 5 (бес) жұмыс күні бұрын алдын ала қабылданады.

Мекен-жайымыз: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А (Назарбаев Зияткерлік мектебінің жанында). Жарнама бөлімі: 8 (7242) 70-00-52, коммутатор: 40-11-10 /1058/, e-mail: sm-jarname@yandex.kz

Бүгіндеол–тектотбасыныңұйытқысы ғана емес, өзінің адал еңбегімен көптің алғысына бөленіп жүрген кәсіп иесі. Тұрмыста, үш перзенттің анасы. Екі ұл бір қыз тәрбиелеп отырған аяулы жан. Сонымен қатар ата-енесінің қолында отырған ибалы келін ретінде де шаңырақтың берекесін кіргізіп отыр.

Гүлжанаттың өмір жолына қарасаңыз, қарапайым еңбек пен табандылықтың айқын көрінісін байқайсыз. Ол қазіргі таңда пошта байланыс торабында оператор қызметін атқарып келеді. Негізгі жұмысымен бірге өз кәсібін қатар алып жүрген іскер жан-ның бірі. Бірқалыпты жұмыс істеп жүргенімен жүрегіңде өзін дамытуға, табысын арттыруға деген үлкен мақсат жатыр. Айтуынша, бір ғана жұмысқа қарап отыру оған аздық етеді.

– Жалпы пошта саласында жұмыс жасап жүріп, өз кәсібімді бастауға бел будым. Себебі өзімді дамытқым келді. Бастапқыда оңай болған жоқ. Кішкентайдан бастадым, өз қаражатыммен жұмыс жасадым. Біртіндеп тәжірибе жинап, тұтынушылар көбейе бастады, – дейді ол.

Кәсіп бастау – батылдықты талап ететін қадим. Әсіресе ауылдық жерде әйел адам үшін бұл – үлкен жауапкершілік. Алайда Гүлжанат қорықпады. Ол ең алдымен өз қолынан келетін іске сенді. Демді тағам әзірлеуді кәсіпке айналдыруға жөн көрді.

Алғашында шағын ғана тапсырыстардан басталған іс бүгінде тұрақты табыс көзіне айналған. Ең алғаш рет сәндвич, гамбургер мен бөліш пісіріп

Оқырман олжасы



«Əн қанатындағы өмір»: тағылым мен тектіліктің тұғыры

Ұлт болмысына қаламымен қызмет еткен әр азаматтың еңбегі уақытпен бірге құны арттырмай түспеді. Осындай тағылымды сәттердің бірі өткен аптада аудан руханиятының ордасына айналған «Руханият» орталығында өріс алды. Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, білім беру ісінің озық қызметкері, ұлағатты ұстаз, ақын, жазушы Темірбек Әубәкірұлы Есжановтың «Əн қанатындағы өмір» атты кітабының тұсаукесер рәсімі өтті. Салтанатты шараға аудандық мәслихат төрағасы Өмірзақ Елеусинов, аудан әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменов, Еңбек Ері Имамзада Шағыртаев, облыстық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары Жұмабек Әлиев, қоғам қайраткері Сәпен Аңсақ, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Садық Әлиев және бірқатар зиялы қауым өкілі қатысты. Іс-шарада көңіл сүзгісінен өтіп, сана таразысынан безбөделген жаңа кітап оқырманға жол тартты.

Таң – өзі бір қақ дарыған, несібесі мол топырақ. Бұл тәмсілмен талассыз да келісесіз. Елдің маңдайына ырыс болып біткен атпал азаматтардың бірсыпырасы осы өңірден түлеп шықпаны да берер емес. Буыннан-буынға жалғасып келе жатқан бекзат мінез туған жердің топырағынан дариды деген рас-ау. Қайсыбірін алып қарасаңыз да, өз қара басының қамын күйттеп кетпей, жұртты жүгіртіп берер көтеріп жүретінін қалай айтауға болады?

Қазақлықтың қайнары бұзылмаған өлкенің кітап десе, көңілі елең етіп, сөз қадірін танытын жақсы қасиеті бар. Бүгін де әдеттегінен өзгеше абыр-сабыр. Үлкенің де, жасы да бір жерге тоғысқан «Жақсыларда жаттық жоқ», «Көзгерген», «Гауһартас», «Керуен», «Ақ толқын», «Бір нәзік сәуле», «Қызылқұмның қызы», «Ауылдан аттанғандар», «Толғауы тоқсан тіршілік», «Бел-асқан» секілді еңбектерімен оқырман көңілінен орын алған Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Темірбек Есжанов бұл жолы да ел алдына құр қол келмепті. Ғұмырын елдік мақсатқа арнаған азаматтың жана тартуы жұрттың ықыласын ерекше аударды.

Қасиетті мекенде 1948 жылдың қаңтар айында дүниә есігін ашқан қалам иесінің өмір жолы да көпке өнеге боларлық. Иіркелдегі қарашаңырақ мектептен қанат қаққан ол еңбекке ерте араласып, қарапайым жұмыстан бастап, механизаторлыққа дейінгі тіршіліктің талай белесін көрді. Кейін Н.В.Гоголь атындағы Қызылорда педагогикалық институтының филология факультетінде білім алып, ұстаздық жолға бет бұрған. Алғашқы еңбек сүрлеуі туған ауылындағы мектептен басталып, шәкірт тәрбиесі мен ел ісін қатар алып жүрген азамат уақыт өте келе оқу ісінің ұйымдастырушысы, тәрбие жұмысының жанаушысына айналды. Мырзабай ахун ауылындағы білім ордасында да жауапты қызметтер атқарып, кейін ел басқару ісіне араласты. Бір кездерде кеңшардың көсіподақ тізгінін ұстап, ауылдық кеңестің жұмысын жүргізіп, елдің шаруасына етене араласқан азаматтың қай қызметте де халық сенімінен шығуға тырысқанын жазбай аңғарасыз. Өндірістен қол үзбей жүріп білімін толықтырып, ауыл шаруашылығы мен философия салаларын да зерделей отырып ізденімпаз болмысын айқындай түскендей.

Кейінгі жылдары Қызылорда шаһарындағы білім саласында еңбек етіп, бірнеше мектепте ұрпақ тәрбиесіне үлес қосты. Ал қаламгерлік жолы «Ел тілегі» газетімен тығыз сабақтасып, әдеби кеңесшіліктен бас редакторлыққа дейінгі белестерді бағындырды. Ширек ғасырға жуық уақыттан бері тарихи танымаға негізделген мақалалар жазып, өңір руханиятының тамырына қан жүгіртіп келе жатқан қалам иесінің еңбегі ел жадында сақталары ақиқат.

– Бүгінгі басқосу – қазақ руханияты мен ауданымыздың мәдени өміріндегі маңызды оқиғаның бірі. Қызылорда облысының құрметті ардагері Темірбек Әубәкірұлының «Əн қанатындағы өмір» атты кітаптың оқырманға жол тартуы – баршамыз үшін үлкен қуаныш әрі зор мәртебе. Темірбек ағамыз – саналы ғұмырын қоғамдық қызметке және әдебиетке арнаған белгілі тұлға. Кеңестік кезеңде Қызылорда облыстық кеңестің «Құрмет» грамотасымен марапатталып, үш мәрте аудандық кеңестің депутаты болып сайланды. Автор аталған кітапта Таң ауылы, ондағы жыраулар, Есжановтың Әубәкірі, ақын Жақсыбай Сарбалаев секілді қазақтың біртуар перзенті жайлы жазып, өн қанатына ілесіптірмін дейді. Иә, бұл туындысында халқымыздың өн өнерін асқақтатқан дарынды тұлғалар мен күміс көмей өңшілерінің шығармашылығы зерделеніп, терең толғаныс ұсынады. Осындай мазмұнды еңбектердің жарық көруімен құттықтай отырып, ұлт мәдениеті мен руханиятына қызмет ете беруге тілектеспіз – деді аудандық мәслихат төрағасы Өмірзақ Елеусинов.

Қазақ берігі мен шалапаны сыйлы қонағына кигізген Дала дәстүріндегі айрықша құрметтің, сый-сияпаттың жайғасын шарада көрініс тауып, жазушыға ауданның ең жоғары марапаты Жалағаш ауданының «Құрмет» грамотасы табысталды.

Бір мәрте өңгіме ауаны балалық шаққа бұрылды. Жетпістің жотасынан асып, сексеннің сөңгіріне шыққан жанарда жылылық бар. Көңіл түкпірінде қатталып жатқан балғын күндердің ізі әлі өшпепті. Бала көңілге уялаған сол бір сәулелі сәттер күні кеше ғана өткендей, санасында сайрап тұр. Көңіл кең болғанымен, заманның тарлау тұсы. «Етік ауыл дүкеннен табу былай тұрсын, аудандағы базар сөрелерінен кездестірмейтінбіз» деген өңгімені үлкендерден жиі естінтіңіз. Рас сөз екен. Ағамыз да мектеп табалдырығын аттар шағында қыстың қамын Санжархан етікшіге етік тіктіріп жүріп жасаған еске алды. Пештің мойнына кептіруге жайылған аяқ киімнің таң ата қақшыл қатып қалып, талай өбегірге салғаны да көз алдынан кетпеген.

Қарақұмдағы нағашыларының тай мінгізгені – бала көңілдегі бөлек бір қуаныш. «Жиенді желкелетпеген» қазақы салттың жылуы ол кездері жеті-сегіз жастағы баланың жадында жатталып қалған.

Шығармашылыққа бет бұрған алғашқы бастау да сол мектеп жылдарымен астасып жатыр. Қармақшыдағы «Коммунизм шамшырағы» газетіне жолы түскен балаң талаптың қарымын сол тұста ақын Мағираш Сәріпова байқаса керек. «Іздену керек, жолыңнан қалма. Өлең деген бірден келе қоймайды» деген әпкелік ақылы жас көңілге дем берген.

Сол шақтағы «Кім боламын?» атты алғашқы өлең – бала қиялдың қанат

қаққан сәті. Шабыт алған жас талапкер содан кейін білек сыбана кірісіп, қаламан қол үзбепті. Екі жылдың бөдерінде жүз жиырмаға жуық туынды жазылып, арасында әңгімелер де бой көрсеткен. Болар баланың бағын байламай, қайта қанатын қатайтқан да қазақы қаңқорлық астақан үлкеннің бір ауыз жылы сөзі шығар.

... Жыр-термелер айтылып жатса, сүйсіне тыңдаймын. Өнердің түрі көп қой, бірақ мен үшін жыраулық өнер – өзінше бір төбе. Өйткені бала күнінен өкпенен жыр тыңдап өстім. Әкем «Шәкір-Шәкірат», «Самұрық құс» атты дәстүрлерді жырлайтын. Тұрмағанбет пен Шораяқтың Омарының насихатқа толы термелерін айтушы еді, – дейді өзі.

Жақсы өкенің тәрбиесі – балаға қырық жыл азық» демекші, кішкентай шағында үлкендердің шайдан кейін қолқалап ел сұрайтанын көріп өскен бала өнердің қасиетін ерте ұғынаған. Әкесінің Сталинград майданында қаза тапқан күрескер ағасына арнауын тыңдағанда отырған көптің көңілі босап, ұмыт ұйып қалатынын күні бүгінге дейін ұмытпаған. Майдандағы өлең атты өскер сапында жүріп, қаруымен бірге қара домбырасын да жанынан тастамапты. Аттың жалында, оқтың ортасында жүрген сарбаз үшін домбыра елдің иісі, даланың тынысы секілді болған шығар, сірә.

Майдан даласы деп отырғанымыз – Кеңес-Фин соғысы. Тұлпарға деген құмарлық оны атты өскерге тартыпты. Ол кездері Кеңес үкіметі бұратана халықты өскерге ала қоймайтын. Бір ай өткен шамада гана комиссариат өтінішін қабылдаған. Сөйтіп Карелиядан бір-ақ шығады. 1939 жылдың 30 қарашасы күні тұн ортасында «тревога» беріліп, Финляндиямен соғыс басталып кеткен екен. Бір шабуылда жау оғы астындағы күрең қасқа атқа тиіп, омақаса құлап, әзі аман қалыпты. Кейін жеңістен хабар келіп, өлге тақ жазуға мүмкіндік туады. Бірде «посылка» келіп, ашып қараса, шанағы бір бөлек, мойны бір бөлек етіп салынған домбыра екен. Құрастырып, ішегін тағып, тиегін қойып шертіп қалса, домбыра сөйлеп тұр. Дегенмен соғыстың аты – соғыс. Ертенгі күннің не болары беймәлім. Сондай бір сәтте сия қаламмен домбыра бетіне «Қазақстан – Қызылорда» деп жазып, биік таудың басына іліп кеткен. Кітаптағы «Майданда қалған домбыра» өңгімесінің өзегінде де осы тағдырлы тарих жатыр. Қан кешкен соғыстың ортасында жүріп те қара домбыраның қасиетін биік тұтқаны шығар қанша ұрпағының абыройын биіктетіп қойған!

– Темірбек бауырымын мақала-ларын «Сыр бойы» газетінен оқып жүретінмін. Содан бір күні «Гауһартас» өңірін тарихи туралы жазыпты. Көпшілік бөлі бермейтін орындаушы Сәжида Ахметова өкініне жұрт сол уақытта қанық болған. Сондай елге қажет мәліметті жинақтап, жазған – Темірбек! – дейді

қоғам қайраткері Сәпен Аңсақ.

Иә, 1975 жылы кинорежиссер Шәріп Бисенбаевтың түсірген «Гауһартас» кинофильмі 51 жыл уақыт өтсе де, әлі экраннан түскен жоқ. Сәтті шыққан туынды рәсіммен қанша көрсен де жандықтырмайды. Бастапқыда повесті киносценарияға айналдырып жазу оңайға соқпаған. Бұл тақырып кітапта жіті зерттелген.

– Ұмытпасам, 1979 жылдың жазында бір себептермен Алматы қаласына жол түсті. Жол бастаушымын Таң ауылындағы №118 орта мектеп директоры Қайырберген Әбдиев еді. Қонақ үйге орналасып, демалып алғасын Қайрекеш осы қалада туған бөлесі тұратынын айтып, «салем беріп жайтайық» деді. Күн жексенбі. Бардык үй иелері жылы қарсы алды. «Мен полковник Елеусін Қайназаров ағаң боламын. Мына кісі жеңгеш, Сәжида Ахметова, Қыздар педагогикалық институтының оқытушысы. «Гауһартас» кинофильміндегі өңдерді орындаған» деді. Сөйтсек бұған дейін де Сәжида жеңгей ерекше лирикалық сопрано дауысымен белгілі композитор Әбілхат Еспаевтың, Нұрғиса Тілендиевтің, Шәмші Қалдаяқовтың, Әсет Бейсейітовтың, Мыңжасар Маңғытбаевтың, Бақытжан Байқадомовтың, Дүңгенбай Ботбаевтың өңдерін және көптеген халық әнін қазақ радиосынан келістіре шырқапты, – дейді Темірбек Сүбәкірұлы.

Киноға режиссердің өзі арнайы шақырған өкен Әуелде «Бибігүл алай бар ғой» деп ойланғанымен, «ол кісі кәсіби, Салтанаттың болмысына келмейді» деген сөз келісімін беріпті. Өзаузынан айтқан өңгіме. Бір айтқанда, бір дубльден жазылып кеткені де содан болса керек. Өзін алға шығаруға ұмтылмайтын қарапайым қалпы ма, сол кезінде фильм тітріне орындаушы ретінде аты да жазылмай қалыпты. Енді міне, осы кітапта тарихтың ақиқаты қатталып, шынайы жазылды. Келеңкезде қалған еңбек мөсіні тапты, лайықты бағасын алды.

Кеш ортасында кейіпкерімиздің Төлеген Айбергенов, Зейнолла Шүкіров өңдерін өз мақамына салып орындайтынына бұрыннан қанық қалың оқырман қолқа салмаса бар ма! Сәл кідіріп, «Жас кезде айттық қой, енді көрейін» деп риясыз жымияған ол артына қоныр дауысымен Нұрғисадан әуелете жөнелді. Өнді сүйемелдеуге шапалақтың қоштауы жетіп тұр. Бір деуірді замандастары өкен жапсарлас жайғасқан апа үнісі жыбырлайды, өзеге іштей қосылып отыр.

– Темірбекті көп уақыттан бері білеміз. Ауылымыз көрші. Дарияның арғы беті – Таң, бергі беті – кезінде «Коммунизм» аталған елді мекен. Екі ауыл қоян-қолтық араласып жатты. Темірбектің шығармашылығын айналдырауына, осындай дәрежеге жетпейтін негіз жоқ еді. Тақыр жерге де гүл шыға бермейді ғой. Әкесі – жырышы, анасы – сөз қонған Кете руының қызы, – дейді аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Садық Әлиев тектіліктің тамырын тарқатып.

Бүгінгі кештің кейінгі ұрпаққа үлкен міндет жүктеп тұрғанын атап өткен облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы келер жылы кейіпкердің шығармашылығына арналған конференциялар ұйымдастыру жоспарланатынын отырғанын айтып, арнайы құттықтауын жеткізді. Ортаға сый да келді. Домбыра! Майданда қалған домбыра!

Гүлжан ЕСЖАН

Мүшәйра Ерлік пен еңбектің дарабозы

Қазақ даласының әрбір қарыс топырағында ел үшін еңбек еткен ерлердің ізі жатыр. Соның бірі – саналы ғұмырын халқының бақыты мен болашағына арнаған, майдан даласында от көшіп, бейбіт күнде туған жерінің гүлденуіне тер төккен Мәрәлі Шәменов. Оның есімі – ерлік пен еңбек ұғымдарымен қатар аталатын қастерлі ұғым. Уақыт озған сайын мұндай тұлғалардың қадірі артып, кейінгі ұрпақ үшін өнеге бола түсетіні анық. Батырдың ғибратты ғұмырын ұлықтау – елдік рухтың көрінісі, тарихи жадымызды жаңғыртудың жарқын белгісі.



Мәрәлі Шәменов 1916 жылы Жалағаш ауданына қарасты Коммунизм ауылында дүниеге келген. Қарапайым еңбек адамдарының ортасында өсіп, жастайынан елдің мұңын мұңдап, жұрттың қамын ойлап ер жетті. Балалық шағы қиын-қыстау кезеңмен тұспа-тұс келсе де, қайсар мінезі мен еңбекқорлығы оны өзгелерден ерек етіп қалыптастырды. Сол кезеңдегі қазақ ауылдарының ауыр тұрмысы, халықтың таршылыққа төтеп берген төзімі оның бойына сабыр мен қайрат дарытты.

Жастық шағы ел басына күн туған сұрапыл соғыс жылдарымен қабаттасты. Ұлы Отан соғысы басталғанда Мәрәлі Шәменов қолына қару алып, Отан қорғауға аттанды. Майдан даласында ол әскери барлаушы ретінде ерекше ерлік көрсетті. Барлаушы болу – батылдық пен қырағылықты, төуекел мен табандылықты талап ететін аса жауапты міндет. Жау шебіне жасырын еніп, маңызды мәліметтер жеткізу кез келген жауынгердің қолынан келе бермейтін ерлік еді.

Мәрәлі Шәменов ұрыс даласында талай сын сағатты бастан өткерді. Қан кешкен ұрыстарда қаймықпай алға ұмтылып, елінің амандығы үшін жан аямай шайқасты. Оның көрсеткен ерліктері елеусіз қалған жоқ. Батыр, жауынгер бірнеше орден-медалмен марапатталып, ел құрметіне бөленді. Бұл марапаттар тек ерліктің белгісі ғана емес, туған жерге деген адалдықтың, ел алдындағы перзенттік парызы өтеудің айғағы болатын.

Соғыс аяқталған соң Мәрәлі Шәменов тыныш өмірді таңдаған жоқ. Ол бейбіт күндегі еңбек майданына араласып, елдің еңсесін көтеруге белсене атсалысты. Соғыстан кейінгі кезең халық үшін оңай болмағаны белгілі. Ел қираған шаруашылықты қалпына келтіріп, жаңа өмірді қайта құру жолында аянбай еңбек етті. Осындай ауыр жылдарда Мәрәлі Шәменов туған жерінің өркендеуі үшін маңдай терін төкті.

Ол ауыл шаруашылығы салысында еңбек етіп, елдің әлеуметтік жағдайын жақсартуға зор үлес қосты. Ауылдың дамуына, халықтың тұрмыс-тіршілігінің түзелуіне бағытталған қоғамдық жұмыстардың бел ортасында жүрді. Қай кезде де қарапайымдылығымен, адалдығымен, еңбекке деген жауапкершілігімен көпке үлгі бола білді. Оның өмір жолы – «ерлік – елге мұра, ұрпаққа ұран» деген сөздің нақты көрінісі.

Мәрәлі Шәменовтың есімі туған топырағында әрдайым құрметпен аталады. Ел ішінде ол жай ғана майдангер емес, халықтың шыншайы жанаушы, елдік мүддені бөрінен биік қойған азамат ретінде есте қалды. Оның өнегелі өмірі – бүгінгі жас ұрпақ үшін тағылым мектебі. Батырдың ерлігі мен еңбегін ұлықтау арқылы кейінгі буынның бойына отансүйшілік қасиет дарыту – маңызды міндеттің бірі.

Осы орайда М.Шәменов ауылдық кітапханасының ұйымдастыруымен батыр тұлғаның 110 жылдық мерейтойына арналған «Ерліктің дарабозы» атты жас ақындар жыр-мүшәйрасының өткізілуі – рухани өмірге елеулі шарының бірі болды. Тағылымды кештің негізгі мақсаты – Мәрәлі Шәменовтың өнегелі өмірін насихаттау, жас ұрпақтың бойына елжандылық қасиетті сіңіру, ұлттық поэзияның өрісін кеңейту және жас ақындардың шығармашылығына қолдау көрсету.

Мүшәйра өткен күні ауыл мәдениетінің рухани тынысы ерекше сезілді. Кітапхана төріне жиналған көпшілік батыр рухына тағзым етіп, оның ғибратты ғұмырын тағы бір мәрте еске алды. Шарада Мәрәлі Шәменовтың өмір жолы таныстырылып, майдандағы ерлігі мен бейбіт күндегі еңбегі туралы мазмұнды деректер айтылды. Батырдың суреттері мен тарихи мәліметтері қойылған көрме көпшілік назарына ұсынылып, көрерменге ерекше әсер сыйлады.

Жыр-мүшәйраға аймақтың талантты жас ақындары қатысып, жүрежарды туындыларын оқыды. Ақындар жырларында Мәрәлі Шәменовтың қайсарлығы мен отансүйгіштігін, туған жерге деген адалдығын терең бейнеледі. Бірі майдан даласындағы жауынгер тұлғасын жырға қосса, енді бір бейбіт күндегі ерен еңбегін тереңіне суреттеді. Әр өлеңде елге деген сүйіспеншілік, батырға деген құрмет, өткенге тағзым анық сезіліп тұрды.

Жас ақындардың жалынды жырлары көрерменнің жүрегінен жол тауып, рухани әсер сыйлады. Әсіресе Отан, туған жер, ерлік тақырыптарындағы өлеңдер көпшіліктің ыстық ықыласына бөленді. Бұл мүшәйра тек поэзиялық байқау ғана емес, ұлттық рухты көтеретін, тарихи сананы жаңғыртатын тағылымды шара болды.

Шара соңында үздік деп танылған ақындар арнайы марапатталып, бағалы сыйлықтарға ие болды. Бұл жас таланттарға көрсетілген құрмет өл олардың шығармашылығына берілген қолдау еді. Сонымен қатар мұндай иіп бастамалар жастардың әдебиетке деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, тарихи тұлғаларды тануға жол ашады.

Халқымызда «Өлі разы болмай, тірі байымайды» деген дана сөз бар. Батыр бабалардың есімін ұлықтау, олардың ерлігін жас ұрпаққа насихаттау – елдігіміздің айқын белгісі. Мәрәлі Шәменов сынды тұлғалардың ғибратты ғұмыры ешқашан ұмытылмайды. Себебі ол ел үшін төр төкті, жер үшін жанын шүберекке түйді, халықтың болашағы үшін аянбай қызмет етті. Бүгінгі бейбіт өмір – сол ерлердің жеңісінің өрлігінің жемісі. Сондықтан олардың есімін ұрпақ жадында жаңғыртып отыру – қасиетті парыз. «Ерліктің дарабозы» атты жыр-мүшәйра да осы ұлы мұрат жолындағы тағылымды шараның бірі ретінде ел есінде қалары сөзсіз.

Мәрәлі Шәменовтың өмір жолы – ерлік пен еңбектің, отансүйшілтік пен адамгершіліктің мөңгілік үлгісі. Оның жарқын бейнесі халық жүрегіне әрдайым сақталып, кейінгі ұрпаққа рухани шамшырақ бола береді.

Ләззат ҚАЗМАҒАНБЕТОВА